



# АНА ТІЛІ

1990 жылғы  
наурыздың 22-сінен  
бастап шығады

Үлкен Тазаев

Сөзі жоғалған  
жұрттың  
өзі де жоғалады



## Әбілқайыр шейбан: танымал және белгісіз билеуші



Отандық тарихшылар XV ғасырдың ортасындағы Қазақ хандығының құрылуына үлес қосқандар мен билік жүргізушілер арасынан Керей мен Жәнібекті ерекше көрсетеді. Сонымен қатар олар негізінен Керей мен Жәнібек сұлтандардың қолдаушыларына XV ғасырдың ортасындағы Моғолстан өңіріне Әбілқайыр ханнан көшуіне мән беріледі. Және негізінен осы арада зерттеушілер Мұхаммед Қайдар Дулаттың «Тарих-и-Рашиди» еңбегіне сілтеме жасайды да сол үш билеушілер арасындағы текетіреске тоқтай береді. Бабаларды ұлықтау мақсатында Жәнібек пен Керей қазақтың тарихи романдарының кейіпкері ретінде оқырмандар жадында сақталды, ғылыми еңбектер мен туындылар жазылды және жалғасуда. Ұлы хандарға арнайы, Астана төрінен ел еңсесін көтерер ескерткіш қойылған.

Ал Әбілқайыр Шейбан тұқымына келетін болсақ, негізінен оның «қаталдығына, қарамағындағыларға қатынасының нашарлығы, Үз-Темір басқарған қалмақтарға қарсы соғыста жеңіліске ұшырауына» қатысты, жағымсыз жағына көп мән беріледі. Ал біздің пікірімізше, мәселе одан да тереңірек және күрделі ойлауды талап етеді. Кейде тіпті Әбілқайыр Шейбанидты (XV ғ.) Кіші жүз ханы Әбілқайыр ханмен (XVIII ғ.) шатастырып жатады. Оларды шын мәнінде үш ғасыр заман бөліп тұр, әрі олардың аталары Шыңғыстан таралғанымен жеке тармақ екенін де шатастыратындарды оқып және естіп жүрміз. Бірақ қалай дегенмен Әбілқайыр – тек өзбек ханы, қазаққа жат болып көрсетіліп жүргені құпия емес. Ал сол Әбілқайыр бозбала кезінде «қазақ» болып жүрген.

## ҚИЛЫ ЗАМАН

XIV ғасыр – XV ғасыр басында Тоқтамыс, Темір және Едіге саяси сахнадан кеткен соң, тарихтан жаңа кейіпкерлер орын алады. Соның бірі, Әбілқайыр – Шейбан әулетінен шыққан хан екені күмәнсіз. XV ғасырдың басы мен ортасындағы оқиғалармен Шыңғыс хан империясы (Моңғол империясы) дәуірі кейінге ығысады.

XV-XVII ғасырлар ортасында Орталық Азиядағы жаңа мемлекеттің құрылу үрдісі күрделі геосаяси жағдайда өтті. Бұл Еуропа мен Ресей дамуының бастама кезеңі болатын. Бұл Ұлы географиялық ашылулар кезеңі болатын. Оңтүстікте севефидтік Иранның жедел қару-жарақтарын жаңғыртты. Шығыста Құбылай династиясы нығайды. Енді бұрынғы кезеңге ұқсамайтын және қайталамайтын мүлде жаңа кезең басталады. Мәдениет, өмір-салты, этникалық бөліну, қаруланудың жаңа түрі, еуропалық халықтардың қарқынды өсімі – мұның барлығы тіпті де жаңаша әлем құрады. Әлсіреген Алтын Орда шашыраңқы ордаға айналды да оның орнына жаңа: Ноғай, Ақ және Көк Ордалар құрылады... Ақ Орда билігін қолға алған үлкен ұлы Жошы ханнан, Шыңғыс ханның немересі Орда-Еженнен (Тоқай Темірден) бастау алуы, Ұрыс – Ақнияз ханның ұрпағы Құйыршық және Барақ Жәнібектің тікелей аталары Ұрыс хан баласы Тоқтақиядан – Керей тарайды. Ал Шейбан (Шибан, Сыбан) Жошының бесінші ұлы болатын. Бұл жерде сөз болып отырған Әбілқайыр Шейбанның (Шибан, Сыбан) ұрпағы. Шейбан ұрпағы – Әбілқайыр тегінің ұрпағына қатысты кең тарауына орай, осылай жазуды жөн көрдік.

Әбілқайыр қазіргі қазақ (қыпшақ) тілінде сөйлеген болуы керек. Мұны сол кезді суреттеген замандастардан айрықша ерекшеліктерін сезінбеуінен де байқауға болады. Кейінгі замандастары (Рузбихан, Кухистани) және басқа да зерттеушілер Әбілқайыр хан жөнінде қалай жазса да, Әбілқайыр хан Шейбанид Қазақ хандығы құрылған XV ғасырдың ортасындағы негізгі және басты тұлға болды және солай бола бермек. Ол кезеңде «көшпелі өзбектердің» Самарқанд және Бұхарға, сол сияқты Мәуереннахр аумағына жылжығанға дейін «өзбектер» атауымен, шығыс Дешті-Қыпшақтың көшпелі тұрғындары аталатын. Дәлірек айтқанда, Шейбан ұлысының көшпелілері ғана емес, сонымен бірге қазақ хандарының ата-бабалары Ұрыс хан (Ақ Нияз), тіпті Тоқтамыс та бірде Ақ Орда, Алтын Орда, ал кейбір тұстары өзбектердің қолбасшылары деп аталды. Татар ғалымы Махмұд Сафарғалиев «Дешті Қыпшақтан көршілес Орта Азия аймақтарына жорықтарын және олардың «іс-қимылдар жасағанын» көрсетеді. Біз де осындай пайымдармен, оларды өзбек-қазақтар деп жиі атағанын ескерте отырып, келісетіндігімізді білдіреміз. Түрлі тілдердегі кең ауқымды әдебиеттерде (Рузбихан, Кухистани, Б.А.Ахмедов, С.Ибрагимов, М.Сафарғалиев және басқа) Әбілқайыр (Абулхайр-хан) өмірбаяны жан-жақты жазылған. ол Орал (Жайық) өзені жағасында туылған, Тобылда таққа отырған және Сығанақта 1468/69жж. жерленген. Осылайша, Қазақстан аумағында туылып, өмір сүріп және жерленгендіктен де Әбілқайыр қазақтың қайраткерлігіне жақын келеді.

Әбілқайыр ханның ерте жетім қалғанмен, жас та болса он жеті жаста «туыстық заңдылығы бойынша» Ақ Орда ханы, Едігенің баласы Жұмадыққа жақын болғаны айтылады. 1428(?) жылы Жұмадық хан қаза болады, ал Әбілқайырды Қажы Мұхаммед хан тұтқынға алады.

Ертеректе айтылған М.Сафарғалиевтың көрсетуі бойынша, сол жылғы қыркүйек айында ол өзінің ұлысына босатылып жіберілген.

Шамалауымызша, бұл оқиғалардың барлығы еуропалық Жайық пен Еділ және Қазақстанның батыс жағындағы аумақта өткен болу керек.

Сапар Ибрагимовтың пайымынша, тұтқыннан босаған Әбілқайыр, өзінің жақтастарын топтастыра бастайды да, 1429-1430 жылдары «мемлекеттік таққа бекиді». Ол кезеңде Әбілқайыр ноғай тайпасын, бәрінен бұрын Едігенің немересі Уақасты (Баққас) белсенді түрде қолдады. Н.И.Березин ертеден қалған әңгімені былай деп келтіреді.



Бұл дерек одан кейінгі авторлардың да жазбаларынан орын алған: «олар ханмен, кейбір деректе оның әмірімен бір табақтан бал ішкен (жалаған)». Бірақ, Әбілқайыр өзі үшін «қылыштасқан» Уақас (Баққаспен) кейін жолдары айырылысып тынды, бір қақтығыста Уақас қайтыс болып, мыңдаған ноғайлардың жеңілісіне және құлауына әкелді (Бұл жерде сол кезеңде Орда мен ұлыстың шекаралары, этнонимдер сияқты бір қалыпты болмағанын баса көрсету қажет). Шамамен, 1430 жылы Әбілқайыр батыс аймақ үшін, Еділ мен Орал үшін жорық жасады және Тара (немесе Чимга-Тура) қаласын алады. Бұл қаланы ол «мемлекеттік таққа отыру орны мен астанасы етті» (С.Ибрагимов). Сібірді ұзақ уақыт Шейбан әулетінің басқаруы, Әбілқайырдың Сібірде орнығуынан болуы мүмкін. Бірақ, жаратқанның тәубесіз жолдары! Бүгін бұл «Тара» немесе «Чимга-Тура» Сібірде орналасқан, ол қазіргі Түмен қаласының маңайы, яғни бүгінгі күнгі Ресей Федерациясы аумағына жатады. Көп ұзамай кезінде тұтқыннан босатқан жас Әбілқайыр мен Қажы-Мұхаммед арасында шайқас басталады. Тобыл өзенінің маңайында болған шайқаста Әбілқайыр жеңіске жетеді, ал

тұтқынға алынған Қажы-Мұхаммед өлтіріледі. Басқа мәліметтерде, ханды Әбілқайыр оғлан «аң аулау кезінде» өзі садақпен атқан, одан кейін өзінің таққа отыруын жариялаған. Бұл оқиғаларды ортағасырлық жазбалары негізінде Н.И.Березин мен В.Г.Тисенгаузен жазған, оны С.Ибрагимов пен М.Сафарғалиев толықтырады.

М.Сафарғалиевтың хабарлауынша, 1430 жылы Әбілқайыр кенеттен Чимга-Тураны тастайды да, Хорезмге кетеді. Шындығында, біздің пікірімізше, ол Хорезмге емес, Ұлытауға (Хорезм, Үргенішке ол әскери жорық жасаған) көшкен. М.Сафарғалиевтың пайымынша, Әбілқайырға қарсы жергілікті Сібір князьдері – Махмұд пен Ахмет көтеріліс жасаған немесе қастандық ұйымдастырған. Сол айтылған Сібір қазіргі Түменнен – Көкшетау – Атбасар, қазіргі Астана маңайы деп ойлаймыз. Кейбір зерттеушілер Махмұд пен Ахмет бір-бірімен бауыр болған деп көрсетеді.

Авторлар атап өткен «Орда-Базар» Ұлытау тауларында орналасқан қалашық болуы керек. Бұл қазіргі Қазақстанның орталық бөлігінің таулы аймағы, оған Мемлекет тарихы институты ғалымдары арнайы экспедиция жасаған болатын. «Орда Базар» маңы Ұлы қыпшақ даласының тайпалары еркін көшіп жүретін орны болған. Ал қаланың өзі 1430 жылы Әбілқайыр ұлысының астанасына айналды.

Ұлытау таулары оңтүстік аймақпен шекаралас, ал Арқұқ, Сауран, Сығанақ қалалары осы таулардан алыс емес (Қазақстандық мәміле бойынша).

Жаңадан құрылған хандық осы 1430 жылға қарай, Әбілқайыр басқарған Ұлыс немесе «Өзбек ұлысы» аталуы мүмкін. XV ғасырда «өзбек» атауы әлі ұлттық мәнге ие болмаған болатын және ол Алтын Орданың мықты ханы болған – Өзбекпен байланысты болуы әбден мүмкін. Бірақ Өзбек хан Қырымда жерленген, ал Әбілқайырмен байланысты оқиғаларда қыпшақ тайпаларының (протоқазақтардың барлық рулары болды) басымдылығы белгілі рөл атқарды.

Басқа бір тұжырым (Г.Вамбери, А.П.Чулошников) өзбек этнонимі – «өз-өзіне би», «өз-өзіне бек», «бағынбайтын» деген ұғымнан шыққан дейді. Олай болса «қазақ» және «өзбек» атаулары бірдей мағыналы – «еркін, азатшыл» деген ұғымды білдіреді. Танымал шығыстанушы Василий Бартольд өзінің «Орта Азияның түркі халықтарының тарихы бойынша он екі лекциясында» (Түріктер), Орта Азиядағы Темір империясының тарихына жан-жақты тоқталады. Ол кезеңде Мәуереннахр (араб тілінен аударғанда «Өзеннің арғы жағы») толықтай Темір әулетіне бағынған. «Мәуереннахр» еуропалық әдебиеттерде «Трансаксония» деп те аталады. Темір дәуірінде оның империясы Азияның, Кавказдың және Түркістанның кең аумағын қамтыды. Темірдің Алтын Ордаға (1391ж., 1395ж.) екі рет жорығы және Тоқтамыс ханды талқандағаны белгілі. 1404 жылы Темір Отырарға жақын жерде қайтыс болады (бұл қаланың қираған жұрты қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысы, Шәуілдір ауданында орналасқан).

Темірдің ұрпағы Ұлықбек тұсында, Әбілқайыр хан Дешті-Қыпшақ даласынан Түркістан мен Сығанақ жағынан Темір иелігіне әскери жорық жасаған. Әбілқайыр хан және оның жорығы туралы осы заманның өзбек ғалымдары

кең түрде қалам тартады. Мысалы, 8 сынып оқушыларына арналған оқулықтың (Ташкент қ., «Шарк», 2001 ж.) авторлары Н.Норкулов пен У.Джураевосы оқиғаны былайша береді: «XV ғасырдың 20-шы жылдарынан бастап Шейбан ұлысы күшейе түседі: Шейбанның ұрпағы Әбілқайыр хан (1412-1468) Дешті-Қыпшақтың шығыс бөлігін жаулап алып, өзінің мемлекетін құрды. 1447 жылы Әбілқайыр хан өзінің иелігіне Сырдарияның орта ағысындағы қалаларды – Сығанақ, Аққорған, Арқұқ, Үзген және Созақты қосып алды да, өзінің мемлекетінің астанасын Чимга-Турадан (қазіргі Түмен қ., РФ) Сығанаққа көшірді. 1447 жылы Шахрух өлімі туралы білген соң, Ұлықбектің Мәуереннахрда жоқтығын пайдаланып, Әбілқайыр хан Самарқанд төңірегіне жорық жасады».

1449 жылы Ұлықбек өлімінен кейін Темір әулетінің арасында Самарқанд тағы үшін күрес күшейе түседі. Бұл жағдайды пайдаланған Әбілқайыр 1451 жылы Самарқандқа жорық ұйымдастырып және Темір әулетіндегі өзінің жақтасы сұлтан Әбусаидтың таққа отыруына көмектеседі. Кикілжің басылғасын Әбілқайыр отанына бай олжамен оралады. Көрсетілген көмекке «сұлтан Әбулсаид ризашылығын білдіріп, оған жар ретінде Ұлықбектің қызы Рәбия Сұлтанбегімді береді» (Көрсетілген шығарма, 8-96 бб.). Мұндай нұсқаны басқа да авторлар көрсеткен болатын. Темірдің немересі Әбусаид Әбілқайырды Мәуереннахардағы Абдулламен күреске бірігуге шақырады. 1451 жылы Әбілқайыр Яксарт өзенінен өтіп, Самарқанды алады. Александр Чулошников Әбусаидтың Әбілқайырға байлықпен бірге оған әйелді де сыйға тартып, өздерінің «Дешті-Қыпшағына әзер дегенде шығарып салғаны» жөнінде әңгімелейді. Бірақ кейінірек Әбілқайыр Темір әулеті күресіне тағы да араласады. Ал, өзбек ғалымдары Әбілқайыр ханның отанына оралу жөніндегі дерек бойынша әңгімелегенде, Әбілқайырдың отанының қайда екенін көрсетпейді. Біз үшін Әбілқайыр ұлысының «отаны» немесе астанасы қайда болғанын анықтау өте маңызды.

Біз айтып отырған деректерге жасалған талдау, ол Ұлытау жері және Сығанақ, Сауран, Түркістан қалалары болуы мүмкін. Шындығында, табандылық тұрғысында, жоғарғы хан ставкасы көшпелі мемлекет пен кең-байтақ жерді тиімді басқару үшін, Дешті-Қыпшақтың орталық бөлігінде орналасуы қажет болатын.

Сондықтан болар, әлде басқа да себептер болды ма, 40-шы жылдардың ортасында Орда-Базардағы Әбілқайырдың жақтастары «жайлы қыстау үшін Сығанақ қаласын жаулап алуға аттанады». Әбілқайырдың әскерін көрген қала хакімі (билеушісі) бағынғандығын білдіріп, олардың алдынан шығады және қала кілтін тапсырады.

2015 жылғы экспедиция кезінде Сығанаққа барғанда Қаратау тауларына қарап, авторлардың айғақтағанындай, осы биік қыраттан Әбілқайыр әскерінің төменге бағыт ала, қала көшелерімен ұласатынын көз алдымызға елестеткендей болдық. Өзбек ғалымдары Әбілқайыр, содан кейін Темір әулеті басқарған Мәуереннахр ісіне кейін араласпағанын айтады.

Сұлтандардың, оның ішінде Керейдің қатысы болған сарайдағы Шақбұтақтың өлімі Сығанақта болған болуы керек және бұл оқиға одан

кейінгі оқиғалар көрсеткендей Қазақстан тарихында ерекше рөл атқарды. Мұндай жағдайда, Керейдің Әбілқайыр маңынан алыстауы мүмкін деген болжамға келуге болады.

Кейінгі оқиғалардағы дағдарысқа 1457 жылғы Әбілқайыр әскерінің Үз-Темірдің қалмақтарымен болған жорықтағы жеңілісі әсер етті.

## ҚЫЛ КӨПІР

Әбілқайырдың жылнамашысы (панегирик) Масуд бен ОсманиКухистани ханның жорығын кең түрде баяндаған. Бірақ Әбілқайыр үшін ең ауыр түскені, 1457 жылғы Үз-Темір қалмақтарынан жеңілісі болатын. Әбілқайыр оған үлкен құн төлеуге және кепілдікке ұлын беруге мәжбүр болды, оның бұл ісі қазақ сұлтандарының қатты ашуын тудырды. «Государство кочевых узбеков» кітабының авторы, өзбек ғалымы Б.Ахмедов аманат ретінде Әбілқайыр немересі Махмұдты Үз-Темірге берілген деп есептейді. Есте қаларлығы, осы Махмұд тірі қалып, XVI ғасырдың басында үлкен ағасы Мұхаммедпен бірге көшпелі өзбектерді Орта Азияға алып кетеді. Әбілқайыр ұлысында басталған дағдарыс оның қарамағындағылардың көбірек кетуіне, әсіресе қазақ сұлтандары мен ноғайларға кетуіне әкелді. Әбілқайырдың стратегиялық қателігі, күйреген хандықты біріктіру мен тайпаларды өзінің қарамағына жинай алмауынан болды. Ол одақтастары мен жақтастарын қайта біріктіретіндей нақты саяси, дипломатиялық немесе экономикалық қадам жасай алмады. Ал, шынында ол кезеңде қалыптасқан дағдарыстан шығуға мүмкіндік бар еді. Егер 1457 жылдан (Үз-Темір қалмақтарынан жеңілістен) Әбілқайыр хан қайтыс болған 1468-69 жылдарға дейінгі он жылдан аса уақыт ішінде, тиімді шешім қабылданса оқиға мүлдем басқаша өрбуі мүмкін болатын. Бұл зерттеушілер үшін әрі үлкен, әрі аз зерттелген тақырып екенін тағы да айта кетеміз.

Ал жоғарыдағы авторлар келтірген фактілерден толықтай түсінік алу мүмкін емес. Мысалы, Масуд бен Османи Кухистани өзінің еңбегін Әбілқайыр ханның немересі тұсында 1540 жылдары, яғни оқиғадан 80-90 жыл өткеннен кейін жазған. Сонымен бірге, ол Шейбан әулетінің көзқарасын ұстанды, сондықтан да біз оларға сыни және объективті тұрғыда қарауымыз қажет. Фазлалах ибн Рузбихан Исфакхани еңбегі де кейін жазылды. Бұл жылдары хан жорықтары болған да жоқ. Әбілқайырдың сұлтандарға жорығы Керей мен Жәнібектің өздерін хан жариялағаннан кейін болған-ды. Әбілқайыр 1468 жылы (К.Пищулина, Т.Сұлтанов), немесе 1469 жылы (Б.Кәрібай) жасаған жорығы бұл уақытта «қазақтарға» қарсы болатын.

Жеті құдытқа, («Йети кудук») Түркістан аймағына жақын жерде кездескен әскердің екі жақ та бір-бірін жақсы біліп қана ойған жоқ, олар бір-бірімен тамыр-туыс болатын. Жазушылар «өткінші жаңбыр жауды, онан соң қар, қатты суықта ұзақ тұрған әскер тарап кетеді» дейді. Екі жақтан шыққан қол бір-бірін жақсы танитын. Сондықтан бір-біріне қол көтере алмаған сияқты. Әбілқайыр қайтар жолда безгек ауруына ұшырап, қайтыс болады. Белгілі тарихшылар С.Г.Кляшторный мен Т.И.Сұлтанов: «Махмуд б. Вали ханның

жорығы мен өлімін Тышқан жылы (1468 ж.) деп келтіреді, бірақ та оны 1469 жылдың шілдесі – 1470 жылдың маусымына сәйкес келетін, хиджраның 874-ші жылымен теңестіреді. Сондықтан көшпелі өзбектер қолбасшының өлімінің датасын былайша құрамыз: Әбілқайыр Тышқан жылының бірінде қыс мезгілінде қайтыс болған, яғни деректе қыстың басы деп айтылғандықтан, 1468 жылдың аяғы – 1469 жылдың басы болатын болса, оңтайлы нұсқасы – 1468 жыл». Әбілқайыр қайтыс болған соң, оны Сығанақта арулап осы қалаға жерлеген.

Мырза Дулат Қайдар көрсеткендей, кенеттен қайтыс болған Әбілқайыр өлімінен соң, оның хандығына «берекесіздік орнап, үлкен алауыздықтар басталған». Осы кезеңде адамдардың көпшілігі Керей мен Жәнібекке кетеді. Әбілқайырдың баласы Шейх-Хайдардың билігі ұзаққа созылмады және онымен аз ғана халық қалды, ал кейін өзара кикілжің күресте ол қайтыс болады. Әбілқайырдың қолдаушылары мен қоластындағылар – өзбектер немесе кейін «көшпелі өзбектер» деп аталғандар дала тұрғындары болды және өздерінің дәстүрлерін сақтады. Айтпақшы, біз осы көшпелі өзбектер туралы айтқанда ол одаққа қай тайпалар кіретінін айтпай жүрміз. Өзбек ғалымы Бөрібай Ахмедов «Государство кочевых узбеков» (Мәскеу, 1965. 16-17беттер) деген еңбегінде былай деп келтіреді: «қоңырат, үйсін, найман, кенегес, күрлеуіт, маңғыт, қыпшақ... Ал, сонымен қоса бұл құрамада: бүркіт, көшші, иджай, жат, шымбай, қарлық, дүрмен, нөкіс, таңғыт, ұйғыр, қытай, таймас, түмен-мың, маджар (мадияр) бар» деп көрсетеді.

Таңғаларлығы, алғаш Қазақ хандары және олардың ұрпақтары Шейбан әулетінің жақын туысқандары, ағалары және бөле болып келетіні. Мысалы, Бұрындық ханның қызы Шейбан әулетінің Мұхаммед Бахадүр ханына ұзатылды. Қазақ ханы Қасым Мұхаммед пен Махмұдқа (көшпелі Өзбек ханына) туған бөле болып шығады. Сол деректердің хабарлауынша, дала билеушілері білімді, жергілікті медреседе оқыған немесе Бұқарада даярлықтан өткен. Сұлтандар арасындағы жазылған хаттар түрік (шағатай), парсы тілдері мен араб графикасында жүргізілді. Орталық Азияда ислам және дала дәстүрлері басты рөл атқарды. Тіл ғана емес, көшпелі өзбектердің, ноғайлар мен қазақтардың сенімі мен мәдениеті ұқсас болды. Деректер көрсеткендей, барлығында да бірдей рулар кездеседі: қыпшақтар, наймандар, үйсіндер, арғындар, керей мен керейттер, алшындар, дулаттар.

1469 жылдар шамасы Керей мен Жәнібек сұлтандар өздерінің қоныстарына қайтып келеді. Олардың айналасына жинақталған шағын Орда кейін, Қазақ хандығының орталығына айналды. Сығанақ хандық астанасы болады. Әбілқайыр хандығының түпкілікті құлауына XV ғасырдың 50-60 жылдарғы Керей мен Жәнібек сұлтандардың қоныс аудару қатты әсер етті. Мырза Қайдар Дулат осы сұлтандармен 200 мың адамның бірге болғанын көрсетеді. Және олар қазақ сұлтандарымен қоса, Балқаш көлі мен Шу аймағына көшкені белгілі. Моғолстанға келген қазақтар қалмақ-ойратты батысқа қашырды. Бірақ Әбілқайыр өлімінен кейін Керей мен Жәнібек Сыр бойына оралады.



## «АҒАЙЫН АРАСЫНАН АҚСАЙДЫ»

Әбілқайыр қайтыс болғаннан кейін, тарих бетіне оның қуатты да дарынды немерелері Мұхаммед пен Махмұд шығады. Әсіресе, Мұхаммед өзінің өжеттігімен және ақындық шығармаларымен ерекшеленді. Көпшілік білмеуі мүмкін, ал Әбілқайырдың немерелері бала кезеңдерінде «қазақ» болған-ды, сол сияқты өзінің атасы сияқты қазақылық (казачество) кезеңінен өтті. Онан соң олар көшпелі «өзбектер» деп аталатын тайпаларды басқарды. Бір кездері осы екі сұлтан Маңғыстауға жақын ноғайлар арасында тұрды, сол жақтағы Ноғай сұлуына үйленбекші болған. Аталған өзбек мектебіне арналған оқулықта, 1499-1503 жылдары Әбілқайыр немересі Мұхаммед Шейбан өзіне сенімді «көшпелі өзбектермен» Мәуереннахрды жаулап алуға кіріскендігін жазады. «Жорықта ол абайсызда тап беретін, көшпелілер әскери тактикасын қолдана білді. 1504 жылы Ферғана толықтай алынды, ал Самарқанд қаласы мемлекет астанасына айналды».

Сонымен бірге, түпкілікті қазақтар мен өзбектер арасының бөлінуі Әбілқайыр хан билігі тұсында емес, оның ұрпақтары – немерелері Мұхаммед пен Махмұд және шөберелері тұсында болғанын көрсеткіміз келеді. Ал Мұхаммед пен Махмұд бастаған «көшпелі өзбектер» Самарқанд пен Бұқарға 1500 жылдары кеткен. Яғни, Әбілқайыр 1468-69 жылы қайтыс болған соң, 30 жылдан кейін ұлы көш – Орта Азиядағы Өзбек мемлекеттілігінің құрылуына жол ашты.

XV ғасырда Қазақ хандығының құрамының негізі, қазіргі тілмен айтқанда көп тайпалы, қоғамды болғандығын айта кету керек. Қазақтардан басқа жаңа халықтың құрамына өзбектер, ноғайлар, қырғыздар, карақалпақтар, қалмақтар, солтүстік кавказ халықтарының өкілдері және араб қожаларының ұрпақтары енді.

Тек XVI ғасырдың басынан бастап олар «өзбектер» және «қазақтар» болып бөлінеді. Бірақ ортақ шығу тегі жөніндегі жады сақталынып қалғандықтан да қазақтың: «өзбек – өз ағам, сарт садағам» мақалы да бұл халықтардың өткен кезеңінен хабар беріп тұр. Мұхаммед Шейбан тұсында XV ғасырдың 80-90 жылдары қазақ хандары Бұрындық пен Қасыммен кескілескен күрес басталады. Осы ұрыстардан кейін Сығанақ, Сауран, Түркістан, Сайрам қалаларын тастап, Мұхаммед өзінің қолдаушыларымен Мауереннахр маңына кетеді. М.Сафарғалиев «Алтын Орданың күйреуі» атты іргелі зерттеуінде Мұхаммедтің Дешті-Қыпшақтан өзінің аз ғана қолдаушыларымен кеткенін айтады.

Онымен жорықта ілесіп жүрген Фазлаллах ибн Рузбиханды өзбек пен қазақ сияқты жақын тайпалардың неліктен бір-біріне қарсы жорық ұйымдастыратыны қатты ойландырған. Бірақ ол сұраққа Мұхаммед немесе оның кеңесшілері тарапынан да түсінікті жауап ала алмайды.

Академик В.Бартольд: «Иранның қалалық мәдениетінің әлсіз әсері болған шағатайлардан өзбектер анағұрлым аз болған, сондықтан да көшпелі салттар басым сақталынды. Өзбек хандары Темір мен Ұлықбек сияқты өздерінің ортасына көшпелі түріктердің әскери патриотизмін жасанды желіктірген

жок; далалықтарда батырлардың әскери жеңісі жөніндегі аңыздар хандар тарапынан тыс, кейде жиі оларға қарсы аңыз әңгімелер тарағанын» айтады. XV ғасырда Ұлы дала тұрғындарын «өзбектер», ал тұрғындарын этникалық ерекшеліктерінсіз «Темірдің қоластындағылар» деп атаған. 1468-69 жылы күтпеген жерден бірден Әбілқайырдың қайтыс болуы Дешті-Қыпшақтағы жағдайды түпкілікті өзгертті. Оның үстіне Мұхаммед Шейбан жасақтары жорығы нәтижесінде Темір әулеті билеушілерін тақтан тайдырған бірқатар әскери шабуылдар жүргізді. Осы жағдайға байланысты В.Бартольд былай деп қорытынды жасайды: «Темір әулеті өзбектерден тараған... басқа түріктермен күресте қаза табады...» (Көрсет.шығ.193-б.).

### **«АУЗЫ БІР ЕЛДІ ДАУ АЛА АЛМАС»**

1510 жылы Мұхаммед Шейбан жаңа парсы мемлекетінің негізін қалаушы Исмаил Сефевид әскерімен болған шайқаста қаза табады. Мұхаммед Шейбан қайтыс болғаннан кейін, өзбек бектері қазақтардың Қасым ханына бет бұрады. Кейінірек олар қазақ хандығындағы қабылдауды баяндап жазады. Қасым хан Исмаил Сефевид әскерінің басқыншылығын тойтаруға өзінің Әбілқайыр атты ұлын аттандырып, өзбектерге көмектеседі. Қасым ханның осы аталған Әбілқайыр атты ұлы одан кейінгі кезеңде ешқандай қазақтың аңыз-әңгімелерінде аталмайды және кездеспейді. Ол жоғарыда аталған қызылбастылармен болған шайқастың бірінде қайтыс болған (1514 ж.). Осы арада өзбек билеушілері мен Қасым хан бастаған қазақтар бірігіп Сефевидтік Иран әскерінің жаулап алу мүмкіндіктерін болдырмай тастаған болатын.

Өзара қырқысу салдары, Орта Азиядағы үнемі лаулаған жалынмен Әбілқайыр әулетінің билігі XVI ғасырдың 90-шы жылдары қиылысты. Тіпті Хорезмдегі Шейбан әулетінің билігі мәңгі ұзақ болмады.

Қазіргі күні біз өзбек қылып жүрген Әбілқайырдың аты Өзбекстан Республикасында айтылмайды десе де болады. Оқулық деңгейінде Мұхаммед пен Махмуд «көшпелі өзбектердің» Мәуереннахрға ауысып келгені туралы баяндалады. Тәшкенде, қала ортасында ұлы Темірге, ақсақ Темірге арналған музей бар. Ал, Әбілқайыр Шейбан Сығанақ қаласына жерленсе, сүйген жары Рәбия Бегім бейігі Түркістан қаласы Қожа Ахмет Ясауи кешені алдында бой жазған. Осындай кезеңде «адамның басы – Алланың добы» деген халық мақалының тегіннен-тегін айтылмағаны дәйектеле түсетіндей.

Бүгінгі жаһандағы жаңа қатерлер мен тың мүмкіндіктер қатар тұрған заман және Орталық Азия аймағындағы мемлекеттердің елдігін сынға қоюда. Осындай жауапты кезеңде бірлікке, жас ұрпақты патриотизмге тәрбиелеудің құралы – тарих.

Қаншама туған тарихымыздың «ақтандақ» беттері айшықталған сайын, оның белгісіз жаңаша келбеті айқындалмақшы. Жаңа табылған дереккөздері – ата тарихымыздың тегіне жол сала береді деп сенейік. Олар тарихи айналымға түскен сайын мамандар да шыныға түседі. Оқырманға ой тастау – парыз. Қазақстанның әлем халықтарына рухы биік, бірлігі мығым ел ретінде

танылуы – зор мақтаныш.

Ел еңсесін көтерер азаматтарымыз көбейе бергей! Сондықтан да біз тарихта есімі әлі де көлеңкеде қалған Әбілқайыр хан Шейбан туралы қалам қозғауды жөн көрдік. Бұл тақырып әлі де зерттеушілер назарында, ғылыми зерттеу жұмысының нысаны болмақ.